

Жамбыл ЭЙМЕНОВ, Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері, академик, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің бірінші проректоры:

# **«ЭРБІР АЗАМАТ ӨЗ ОТАНЫНА ПАЙДАЛЫ БОЛАТЫНЫН СЕЗІНУІ КЕРЕК»**

## ҒЫЛЫМГА КЕЛГЕНІМЕ ӘКІНБЕЙМІН

— Сөзіңіздің жаны бар. Расы керек, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда, кешегі екі мыңыншы жылдарға дейін ғалымдар біршама уақыт бұрынғы мәртебесінен айрылып қалды. Мениң жоғары оку орындарында қызмет етіп келе жатқаныма 36 жылдан уақыт болды, ел басына түскен қызын күндерде осы оку орнынан да көптеген маңдайалды ғалымдар кетіп, тіпті болашағы зор азаматтар ғылымды тастап, күнкөріс қамымен бизнеске кетті. Оларға алдымен отбасын асырау керек болды. Уақыт өте солардың біразы үлкен кәсіпкер болып шықты, кейбіреулері ғылымға қайта кепіл жатты. Алайда, сол кезде күнкөріс қаншалықты қызын болса да ғылымды тастамай, зерттеу жұмыстарымен айналысып, кандидаттық және докторлық диссертацияларын қорғаған азаматтар да көп болды арамызыда. Рас, сол аралықта ғалымдар бұрынғы мәртебесінен айрылып қалды, бір кездері менің балаларым соны бетіме де айтқан. «Сіз ғылым докторымын деп мақтанаңыз, ал, сіздің анау кәсіпкер досыңыздың жағдайы сізден әлдеқайда жақсы, сондықтан біз ғылымға емес, бизнеске кетеміз» деді. Нарық заманына көшкен тұста жастардың алдында салыстырмалы турде осындай таңдау, осындай үлгі түрді. Сол ушін оларды кінепаудың да қажеті жок.

Ал, 2005 жылдан бері қарай ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан ғылыми ізденіс жолын таңдаған азаматтарға, ғалымдарға көптеген гранттар белініп, мемлекет тарапынан үлкен қолдау танытылып келеді. М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың өзінде қазір ғылыми гранттардың жалпы сомасы 1 млрд. теңгеден асып кетті. Атап өтерлігі, осы 1 млрд. теңгенің 77%-ы техникалық мамандықтарға беріліп отыр. Ғалымдарымызға осылайша грантты ұтып алып, ғылыми зерттеу жұмыстарымен, ғылыми жобалармен айналысуға мүмкіндік туды. Ал, бұл жобалардың 80%-ы – инновациялық бағытта. Олар сол жобаларды қөсіпорындарға сатады, яғни, ғылым мен өндіріс тығыз байланыста жұмыс істеуі тиіс, осы ғылымды коммерциализациялау бағытында ОҚМУ-да көп жұмыстар атқарылып жатқаның айта кеткен жән. Грантты алған соң олар ғылыми жұмыстарының арқасында басқа елдердегі ғалымдардың жұмыстарымен танысу мақсатында көптеген шет елдерге барып қайтты, сейтіп біліктілігін арттырып көпіл жатыр.

— Әңгімеміздің басындағы «бүгінде ғалымдарда бедел қалмады» дейтін мәселені текке айтқан жоқпыш, расында да бүгінде екінің бірі ғалым болып кетті. Осыдан кейін жұрт кімнің шыныайы ғалым, кімнің жалған ғалым екенін айырудан қалып барады. Оны күнделікті өзініз де көріп жүрсіз. Сізде ғылым жолын таңдағаныңызға екінген саттер болды ма?

—Жоқ, ешқашан екінген жоқтын. Мен осы оқу орнының түлегімін, ол кезде Қазақ химия-технология институты деп аталағатын. Оқу орнының ғылыми кеңесінің ұсынысымен ол кезде қызыл дипломға бітірген түлектерді Мәскеу жаққа аспирантураға жіберетін. Әрине, аспирантуранын алғашқы жылдарында қатты қиналдым, алайда, мені «аспирантураны бітіре алмай, ғылыми еңбегімді қорғай алmasам елге не бетіммен қараймын» деген наымыс қатты қинайтын. Сейтіп, үш жылда ғылыми еңбегімді қорғап кайттым.

(Соны 12-13-беттерде)

- Біздің түсінігімізде ғалым деген елді елең еткізетін жақалық ашыу көрек сияқты, ал, бұғінде басқа жақты айтпағанның өзінде Шымкентте де ғалымдар жеткілікті. Алайда, ғалымдар көп болғанмен қогамға ешқандай пайдада тиіп жатқан жоқ секілді. Кімнің қандай жақалық ашып жатқанын ешкім білмейді. Сіздің ғылыми зерттеулеріңіз қай салаға арналған? Сіз ғылымға не жақалықпен келдіңіз?

—Менің негізгі мамандығым —  
құрылышсы-инженер, сондықтан зерттеу  
еңбегім де осы құрылым саласына ар-  
налды. Ол қысқы мерзімде, аяқ райы ете  
салқын кезде бетон жұмыстарын қалай  
атқару көрек деген мәселеге арналған. Бе-  
тон жұмыстары дегеніміз — іргетас, колон-  
на секілді түрлі бетон конструкцияларын  
электр энергиясын не күн сәулесін пайда-  
лана отырып, оларды жылтып, көптіру  
мерзімін қысқарту. Сексенінші жылда-  
ры осы ізденисіме үш авторлық куәлік  
алғанмын. Ол кезде патент деген болмай-  
тын. Ал, 2005 жылы патент те алды.

Негізі әр саланың ғалымдарына арнап шығатын ғылыми журналдар бар, оны тек мамандарға алып оқиды да, жалпы жүргілікке бермейді. Ғалымдардың немен айналысып жүргенінен көпшіліктің бейхабар болуы да сондыктан.

Мен Үлттүк жаратылыстану Ғылым академиясының академигімін, бізде академия жаңынан шығатын арнайы журнал бар, оған еліміздің майдайалды ғалымдарының соңғы көздердегі өнер табыстары, ғылыми ашылымдары жарияланады. Осы салада жүрген ғалымдар бір-біріміздің жетістіктерімізді біліп отырамыз. Ал, медицина не педагогика секілді басқа салаларда не болып жатқанын, мәселен, мен де біле бермеймін.

Фылымда қандай да бір ашқан жаңаңыздардың «ғылыми жаңалық» демейді, «ғылыми ашылым» дейді, орысшалап айтқанда ол «открытие». Бізде, Оңтүстікте бұған дейін белгісіз болып келген нәрседе ғылыми ашылым жасаған бір-екі-ақ адам бар, оның бірі – академик Оразелі Бала-беков. Ол кіңі қазір Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогика институтында про-ректор. Міне, нағыз ғалымның бірі сол кісі. Сондай-ақ, сол оку орнында Әбдімөлік Әшіров деген ғалым бар, ол екі ғылыми ашылымның иесі. Ол – әлемге танылып улгерген кішкентай ғана шахматшы қызы Жансаяның атасы. Бірақ, мұндай ашылым жасау миллионнан бір жағдайда ғана кездеселі.

— Құрылыс саласының маманы әрі ғалым ретінде құдайшылығын айтыңызбы, бүгінгі құрылыс сапасы көнілінізден шыға ма? Құрылыс жүргізуде технологиялар сақталып жатыр деп айта аласыз ба?

—Күрьылышпен қазір ірі компаниялармен қатар шағын ғана жауапкершілігі шектеулі болған. Оңтүстіктің өзінде «Конти», «Отау-күрьылыш» секілді ірі компаниялар, әрине, озық технологияларды пайдаланып жа-тыр деп айта аламын, ал, көп шикілік жер-жерде, әсіресе аудан-ауылдардағы шағын компаниялардың жұмысынан шығып жа-тады. Нәтижесі сол, нысан пайдалануға берілмей жатып сыралады.

Мәселен, «Нұрсәт» ықшамауданын салыда асығыстық жасалғаны көрініп турады.



Ол жердің топырағы «әлсіз топырақ» сана-  
тына жатады. Соған сәйкес ол престелуі-  
ти еді, тіпті іргетасын құйғандада тиісті тех-  
нология сақталуы керек еді. Қазір сондағы  
үйлердің сыйат беріп, бірінші қабатының  
зәктеніп тұратыны туралы түрғындар жиі  
шағымданып жатады. «Нұрсөттің» жері-  
сұлы, бұрын бүкіл қаланың ылғалы сол-  
араға жиналатын. Сондықтан оны пайда-  
ланудан бұрын кептіру қажет еді, алай-  
да, уақыт тығыз болды ма, әйтегір осы  
істің басы-қасында жүргендер құрылыш  
технологиясының бірнеше сатыларынан  
аттап өтті. Соның зардабын қазір шегіп жа-  
тиймыз.

— Осының өзі бізде ғылым мен өндірістің арасы тым алшақтан кеткенін көрсетпей ме? Қарап отырсақ, ғылым бір жақта, өндіріс бір жақта қалып кеткен сияқты, әрқайсусы өз бетімен әрекет етіп жатканлай.

—Қазір индустриялық-инновациялық жобаларды қаржыландыру деген мемлекеттік бағдарлама қолға алынған. Осы бағдарламаға сәйкес осыдан бір жарым айдай бұрын ОҚМУ-да ОҚО индустрия және кәсіпкерлік департаментің үйымдастыруымен үлкен семинар өтті. Ондағы мақсат – ғалымдардың жаңадан ойлап тапқан технологияларын өндіріске енгізу. Және ғалымдардың зерттеу нәтижелері өндірісте пайдаланылып та жатыр. Мәселен, ғалымдарымыз түрлі қалдықтарды пайдалана отырып, цемент шығарудың технологиясын ойлап тапқан,

бүгінде Шымкент, Сағтебе цемент зауыттары осы технологияны пайдаланып жатыр.

пасына көз жеткізу үшін материалдарды осы зертханада тексерітіп, пайдалануға рұқсат беретін сертификатты осы ара-дан алып жүр. Мұның бәрі ақылы негізде атқарылады.

## Жастардың дуниеге көзқарасы ерекше

— Біз әңгімеміздің бісмілләсін «бүгінгі балалар екім не министр болуды армандайды» деп бастап едік, мұнымен «бүгінгі жастар ғылым кумайды» дегендегенде айтқышыз келген. Және соңғы кездерде бұл пікір қоғамда жиі айтылып жүрді. Сіздің бүкіл еңбек жолыңыз жағары оку орнында, жастардың ортасында етіп жатыр, бұл пікір қаншалықты рас? ОҚМУ-да жастардың, әсіресе техника саласында оқытын жастардың ғылымға умтылышы калай?

-ОҚМУ жастарының ғылымға деген үмтұлысы ете жоғары, мұны мен мақтандыншын айта аламын. Бұл, әсіреле, сіз айтып отырган техника саласында қатты байқалады. Мәселен, магистратураға биылдың өзінде 120 жас грант үтүп алды, 104 жас ақылы негізде оқуға түсті. Ақылы негізде оқу да онай емес, жылына 460 мың теңге төлейді. Осының өзі жастар арасында ғылымға деген үмтұлыстың байқатпайды?

еңімізге енгізеді. Бұл дегеніңіз, ОҚМУ-ттың қазақстандық білім жүйесімен ғана шектеліп қалмай, Еуропаның білім беру жүйесіне шығып жүргенінің айғағы. Оған ҚР Білім және ғылым министрлігі тараудың қаржылай көмек беріліп те жатыр.

Осылайша шет елдің үздік білім ордала-  
рында студенттеріміз бен магистранттары-  
мыз академиялық кезең ішінде білім алып  
жатса, жоғары оқу орындары өздерінің білім  
беру бағдарламаларын салыстыра қарап,  
озық тәжірибелермен алмасу мүмкіндігіне  
ие болуда. Мұның өзі Білім және ғылым  
министрлігінің академиялық мобиЛЬДІККЕ

## ЖАМБЫЛ ЭЙМЕНОВ АТЫНДАҒЫ ОҢГУСТІК ]

# «ЭРБІР ПАЙДАЈ

көрсеткен қолдауының үлкен ықпалын көрсетеді. Елдегі жоғары білім беру орталарының шет елге танымалдылығы артып, тіпті таяу жылдарда отандық білім беруді экспорттауга жеткізуға мүмкін болады.

Магистранттар қазақстандық дипломмен қоса өздері білім алған мемлекеттің жоғары оқу орнының да дипломын қоса алып шығады. Мәселең, бұлтыр 3 магистрант Германия мен Қазақстанның, ал, 8 магистрант Ресей мен Қазақстанның дипломдарын көтөр алды.

Бүгінгі таңда еліміздегі жоғары оқу орындарына білім беру бағдарламасын өзірлеу ісі бойынша академиялық еркіндік беру жағынан ете кең мүмкіндіктеге жол ашылған. Ғаламдық даму көшінен қалыспау үшін магистранттарға ғылым мен педагогика саласындаға емес, бизнесте де табыстырылғы іс-тәжірибесін жинақтау, билік жүйелері мен бұқаралық құрылымдарда біліктілігі жоғары және бәсекелестіктің мықты тегеуірініне төтеп бере алатын кадрлар даярлау міндеті алға қойылған. Осы орайда біз магистранттарды даярлау ісінде жаһандық жаңаңылқарт мереке ақпараттық мәліметтерге белсенділігі күшті, идеялық көзқарасы мен сенімділігі жоғары, көсіптік негізгі бағыты XXI ғасырдың талаптарына сәйкес келетін, ізденісін жетілдіруде жоғары тиімділікті технологияларға сүйене алатын, білімнің жаңа стратегиясына кешуше немесе қабылдауға қашанда дайын тулға калыптастырымыз қажет.

Жас мамандарымызды жогары деңгейде даярлау дегеніміз қоғамның алеуметтік-экономикалық, интеллектуалдық және рухани дамуының стратегиялық бағдарын айқындау екенін сезіне отырып, Елбасымыз «өмір бойы білім алу» идеясын алға тартты. Яғни, біз мемлекетіміздің дамуының ең жауапты кезеңінде өмір сүрілжатырмыз. Бұл кезеңнің тағы бір ерекшелігі мен артықшылығы есептеуіш техниканы менгерумен қатар адамдардың интеллектуалдық мүмкіндіктерін арттыратын академаттық

**АК-СУ**  
КОРПОРАЦИЯ  
**ПРОФНАСТИЛ**  
любой длины, различной ширины  
НС-10, Н-15, Н-21, Н-35, Н-57  
**МЕТАЛЛ В АССОРТИМЕНТЕ**  
**МЕТАЛЛОКОНСТРУКЦИИ**  
любой сложности  
**ЭНЕРГОРЕМОНТ**

Тел.: 33-04-35, 33-21-05  
Сот.: 8-701-900-04-78

e-mail: [aksu.05@mail.ru](mailto:aksu.05@mail.ru)  
[www.aksu-2007.kz](http://www.aksu-2007.kz)

технологиялардың жедел дамуы болып табылады. Еліміздегі үздіксіз білім берумен айналысатын жүйенің жетілдірілуі еңбек кітапшасында бір ғана мекеменің мері басылған, бір кезде мақтанышқа айналған жалған көлгірсуге нұкте қоюы тиіс. Бүгінгі еңбекрыногы, экономиканың қарқынды динамикасы бұлайша ыргалуды көтермейді. Бүгінгі алған мамандығының әр 4-5 жылда жаңғыртудың қажет етіп тұрады. Сондықтан да жоғары оку орындарында барлық жас мөлшерін қамтитын қашықтықтан оқыту және электронды білім беру жүйесін дамыту маңызды сипат алып келеді.

**ANSWER** *It is the same as the original number.*

Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері, академик, М.Әуезов  
Қазақстан мемлекеттік университетінің бірінші проректоры:

# **АЗАМАТ ӨЗ ОТАНЫНА Ы БОЛАТЫНЫН СЕЗИНУІ КЕРЕК»**

— Біз бүгінгі күнді «техника қарыштап дамыған заман» дейміз. Ол рас, алайда, біздің өмірде тұтынып жатқан заттарымыздың бәрі — шетелдікі. Өзімізде жасап жатырмыз дегенмен, қурал-жабдығы да, технологиясы да — езгенікі. Сонда кез келген қазақтың ойына «өзіміздің отандық ғалымдар не тындырып жүр?» деген сұрақтың келері сәсіз. Ұылымға соншалық көніл бөлініп жатса, біз неге алі күнге отандық енімдерді тұтына алмай келеміз?

— Мәселең, өнеркәсіpte пайдаланылып жүрген таза кремнийді күріштің салысынан шығаруға да болады екен. Мұны Анатолий Протопопов деген профессор зерттеп, дөлелдеғен, ол осы оку орнында жұмыс істейді. Былтыр Елбасы елге келгенде осы мәселе туралы сез болған, қазір осыған көп көңіл бөлініп жатыр. Ал, негізінен кремний қазірше Қазақстанда Теміртаудағана өндіріледі. Алайда, университет ғалымдарының өздері жеке демеуші тауып, осы жобаны жүзеге асыруға кірісп жатыр. Сондай-ақ, машина жасау салысында да ОҚМУ ғалымдарының жасаған жобалары жеткілікті, олар машинаға қажетті түрлі қондырылар ойлап тапты, алайда, олардың өзіндік құны шетелдік қондырылармен салыстырығанда қымбатқа түсіп отыр. Ал, тұтынушы қай кезде де арзанына қарағ жүгіреді. Міне, осында жағдайлар отандық ғалымдарды түк тындырмайтындағы етіл көрсетелі.

— Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, жапонның тинақтай балаларына дейін неше түрлі роботтар жасап, жүртты таң қалдырып жатады. Жапон баласында бар ми қазақ баласында, қазақ галымында жоқ па, біз қашанғы өзенің табиғасында көп шалалектер жүрмекпі?

— Тымқаттыкетуге болмас, меселен, осы біздің оку орнының өзінде ғана республиканың мүйізі қарағайдай ғалымдарын өздері жасаған электр қондырыларымен таң қалдышып жүрген студенттер баршылық. Әрине, олар көп емес. Одақ тұсында білім беру жүйесінде тек кеңестік ақпараттармен ғана сүсініндадық, сырттан ақпарат алу мүмкін болмайтын. Енді академиялық мобиЛЬДІКТІК арқасында жас ғалымдар дүние жүзі ғалымдарының еңбектерімен еркін таныса алады, барып солармен етene араласа алады. Өзіңіз білесіз, Болон декларациясына қол қойғанымызға да көп бола қойған жоқ. Сонымен қатар, қазір үлкен қалаларда, оның ішінде Шымкентте де арнайы интеллектуалды мектептер ашылғалы жатыр. Келесі айда Шымкентте 7,8,9-сынып оқушылары арасында сол интеллектуалды мектепке қабылдау конкурсы өтпек, сол балалардың ішінен болашақта талай ғалымдар, мемлекет басшысы шығады деп үміт күтейік. Олардың білімі, дүниеге көзқарасы да өзгеше бола-ры сезсіз.

## Техникалық мамандық иелері далада қалмайды

— Күні кеше Елбасы жастар слетіндегі жастар арасындағы жалқаулықпен куресу керек деген мәселені айтты. Бұл дегеніміз, жастарды жоғары оку орнын бітірген соң жұмыспен қамту деген мәселеге келіп тіреледі. Осы турғыда ОҚМУ-да ез түлектерін жұмыспен қамту жағы қаншалықты қарастырылған?

— КР Білім және ғылым министрлігінен жылда бізге ауыл квотасымен окуға

Бүгінгі таңда Интернет-кеңістіктің үлғаюы өндіріс циклдарын барынша азайтып, әлеуметтік жаңғырудың нақтылығы мен жүйелілігін ұсынып келеді. Бұл орай да жаңа экономикалық секторлар құрумен қатар пәнаралық деңгейде қалыптасады жаңаша мамандықтардың туындауы үақыт ұсынып отырған заңдылық. Елбасы ұстанған 20 қадамға орай әлеуметтік жаңғырудың табыстылығын арттыратын яғни әрбір азаматтың өз Отанына пайдалы болуының аса маңызды өзегі болып отырған бұл фактор білім беру саласының бакалавриат және магистратурада

да өндіріс басталған алғашқы 3 жылында кеткен шығының 70 пайызына дейін орнын толтыру женілдігі жасалынады. Осындаи жолмен бизнес орталардың ЖОО-лардан бастау алған инновациялық жобаларды өз өндірістерінде пайдалануына ықпал ететін қаржылық құрал құрды. Ел өртөнін, нағыз мамандардың өлеуметтік жаңғыруын мақсат тұтқан ірі бағдарламалар жасалуда. Бұл мүмкіндіктердің бері Елбасымыздың Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясынан табылып отыр. Өйткені, біздің өлеуметтік жаңғырту саясатының негізіне шынайы өндірістік еңбек қойылған. Елбасымыз айтқандай, қазақстандықтардың сапалы өлеуметтік үлгі-қалыптары мен кәсіби біліктілігі жүйесін, әсіресе, экономикалық белсенеді тұргындардың арасында жасап

дайындық үрдістеріне тікелей әсер етеді

Мамандар өз зерттеулерінде таяу үақытта еңбекрынаның негізгі белгін бақалаврлар құрайтының айтып отыр. Жоғары оку орнын бітірушілердің санына шаққанда бұл көрсеткіш, олардың жалпы санының 70 пайызы жуығын құрайды екен. Ендеше бұл мәселенің маңыздылығы жоғарылай туспек. Ең бастысы, білімді де білікті мамандайында барысында жоғары білім орталасында пәннаралық мазмұнды үйлесім орнатып отырып, әр студент үшін танымдылығын атасынан, мәліметтерінде үақыт талабына аса қажетті материалдар іздеу және жүйелеп міндепті түр. Өйткені, бүгінгі еңбекрынаның әр маманның «жұмысқа жарамдылығынан» геңі «бәсекеге қабілеттілігін» көбірек мән береді. Сондықтан да дәл қазіргі үақыттағы дүниежүзілік білімнің қарқынды есүи мен білім алу кезеңінен тыс қалмауға тырысқан жөн. Бүгінгі шындық біреу-ак, ол – қазір қай елдің тылымы, білімі және мәдениеті күшті дамыған болса, сол елдің барлық жағдайы жақсы, болашағы жарқын. Жиырман бірінші ғасырда мемлекеттер арасындағы бәсеке күшейді. Елбасымыз бізге туындытырыған мүмкіншіліктерді тиімді пайдалану керектігін дәстүрлі жолдаулярында үнемдеп айтып келеді. Біздің міндестіміз – Елбасымыз айқындан берген тапсырмаларды орындауда отырып, білім беру деңгейін әлемдік стандарттар талабына жеткізу.

— Елбасы бірде «Бүгінгі күн – талантты, жігерлі, өзіне сенетін адамдардың арманға бай және оларды жүзеге асыруға ерік-жігері жеткілікті адамдардың уақыты» деген еді. Түсіне білгенге бұл жастарға артылар үлкен жүк, ал, сондай азаматтар тәрbiелеп шығару үшін оқуорындарына қойылған үлкен талап емесіп? Алайда, біздегі кесіпорындар ешбір тәжірибесі жоқ жастардың ерік-жігерін мұқалтпай, армандарын жүзеге асыруға қашшапты дайын деп ойласыз?

— Ұзақ мерзімді кадр және технология мәселелерін шешуге көсіпорын уақытын бөле бермейді. Әйткені, өнім шығарудағы шешілмегендегі жатқан мәселелер ұзақ мерзімдің жобалардың шешіміне қаржы қарастырылады. Мүмкіндігін артқа шегіндіріп тастай береді. Соңдықтан да бул мәселеңін шешімін Елбасының алға қойған талаптары аясынан іздегеніміз жән. Мемлекет басшысы университеттердің жаһынан инновациялық кластер құру мәселеңін белгіледі. Біздің жағдайымызда бул оқу орнының жаһынан технологиялық прогрессітің еki-үш жетекші бағыты бойынша технополис құру болып табылады. Яғни, тиімді технологиялық тілбек жасасы.

тізбек жасау.

Көсіпорындар үшін инновациялық жобаларды коммерциялауға грант алу мүмкіндігі бар. Биылдан бастап мемлекетіміз стартап компанияларға жоғары технологиялық өнім өндірге арналған грант ұсынуда. Бұл орай

### енгізу міндеті түр

Расында да бүгінгі күн, Елбасы айтпақшы, талантты, жігерлі, өзіне сенетін, арманға бай және оларды жүзеге асыруға ерік-жігері жеткілікті адамдардың уақыты. Жастардың болашағы жарқын болуы үшін мемлекет бар мүмкіндікті қарастырып, қолға алып жатыр, бұған, әрине, бір күнде жете қойғанымыз жоқ. Был Қазақстан тұнғыш рет Тұнғыш Президент күнін атап өтті, ал, бұл тек Елбасының ғана жүріп өткен жолы емес, тәуелсіз қазақ елінің осы жиырма жыл ішінде жүріп өткен жолы, тарихы. Жас мемлекеттің қалыптасу, даму тарихында мына сіз бен біздің де қолтаңбамыз бар. Сондықтан бұл мереке тек Президенттің ғана емес, бүкіл қазақ елінің тойы. Осыған орай университетте түрлі іс-шаралар, семинарлар мен «дәңгелек үстелдер»

— Жасыратыны жоқ, бүтінгі балағана  
емес, ата-ана да баласының қызметінің  
тез ескенін, бастиқ болғанын қалайды.  
Осы ретте мамандықты бала емес,  
ата-ана таңдап, баланы сүймейтін  
мамандықта оқуға мәжбүр етіп жатады.  
Сіздің әкеніз кезінде Су министрлігін  
басқарған кісі ғой, сіздің мамандық  
тандауызызға ол кісі қаншалықты  
нұктап етті?

— Экем Ұлы Отан соғысына қатысқан, 1945 жылды Мәскеудегі Жөніс парадына Оңтүстікten қатысқан жалғыз қазақ еді. Кезінде «Главбриссовхозстрой» деген алпауыт мекеме болған, ол тікелей Мәскеуге бағынатын, сол мекеме Қазақстандағы 17 облыстың су шаруашылығына қатысты құрылыштарын жүргізетін. Қызылқұм массиві, Шардара массиві, Жетісай және Келес каналдары секілді ірі нысандар сол кезде салынған. Біз үйде бес ағайындымыз, бесеүміз де құрылышты мамандығына тустиқ. Солардың ішінде ағам, мен және екі інім тәртептің еңып жолына тустиқ.

Институт бітірген кезде мен де еңбек жолымды мастер болып бастасам дегенмін, алайда, әкем көнбеді. Өйткені, сол кезде мен институтта қалып оқытушы болып жүргенмін, ал, құрылышқа кетіп мастер болып жүрген достарымның жалақылары менен әлдекайда көп. Сонда әкем мениң ғылым жолына түсіуме кеңес берді. Кейіннен әкемнің қателеспегеніне көзім жетті ғой. Жалпы, баланың неге икемі бар, қабілеті неге жететінін ата-анадан артық кім біледі дейсіз?! Сондықтан ата-ана балаға көбіндегі дұрыс бағыт береді деп

— Үақыт беліп, сұхбаттасқаныңыз үшін көп-көп рахмет! Сіздерге біз де «сабактаріңіз жаңсы шы» дегіміз көледі.

**Сұхбаттасқан  
Гүлжамал МҰСАЕВА.**